

## Баяхмет ЖҰМАБАЙҰЛЫ

### ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА АЙТЫЛАТЫН «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫНЫҢ НҰСҚАЛАРЫ

Автор в статье сравнивает варианты песни «Козы көрпеш – Баян сұлу» встречающегося среди казахов Китая. Сравнивая топонимические названия, встречающиеся в песне, автор показывает местом рождения этой песни местность Ор Алтай.

Yazar Çin kazakları arasında söylenen 'Kozi Korpeş-Bayan sulu' destanı nüshalarını karşılaştırır. Destanda adı geçen mekanlar örnekk göstererek destanın Ör Altayda doğduğuunu öncे sürer.

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жыры – қазақ халқының ертедегі өмірін, түрмис-тіршілігін, салт-дәстүрін аңғартатын көркемдігі биік, халықтық шығарма.

«Қозы көрпеш – Баян сұлу» жырын зерттеуспі ғалымдар XVI–XVII ғасырда жарыққа шыққан, яғни жоңғар шапқышыларының зобалауды әлі де қазақ даласынан арыла қоймаған кезде туған десе [1], жырдың тағы бір вариантына үндесек, мұндағы адам аттары, «Балталы» «Бағаналы» елінің ауызға алынуы ногайлы еліне тәуелдейтін зерттеушілердің көзқарасына тұра келеді. Ал Әлкей Марғұланың «Ежелгі жыр-ақыздар» еңбегіндегі башқұрт нұсқасына қарағанда [2] бұл жырды түркештер дәуіріне де апарып тіреуге болатын көрінеді. Эйтсе де бұл ретте менің шікірім өзгеше. Жастар баспасынан шыққан «Қазақтың ғашықтық жырлары» [3] атты сегізінші кітапқа енгізілген 1915 жылы Дәуіт ақынының «Ғашықтық ғаламаты» атты дастанына үнділер болсақ:

Ал Дәуіт қалам ұста ұшын теже,  
Көңілге бір парылды қойма тежеп,  
Бұрынғы ноғайылының заманында.  
Сөйлейтін бір қисадан келі кенес,  
Он екі ру өзбек деген ел бар екен.  
Дейтүғын Алтай-Қаңқай жер бар екен, –

деген жолдарынан XV–XVI ғасырларданың ногайлы елінен өрбітіп отырганын айқын байқаймыз. Мұндағы Дәуіт – 1870 жылдарда Құлжаның Кекқамыр өдірінде дүниеге келген, ел ішінде заңға (билик) болған, Құлжа санғұнның (лауазым) ақылшысы, мәтен амбыға (лауазым) еріш, ел-жер жайында талай жұмыстар тындырған ақын әрі діндар адам екен, қызай руынан. 1920 жылдардан кейін дүниеден өткен. Ақын осы дастанда:

Құлжаға бір сөудәгер келген шетте,  
Жәһенгез ел аралап жүрген көптен,  
Қыыр басып әрі жерден көрген өктем,  
Көне тұрпан мекені шала қазақ.  
Пысық жігіт мал тапқыш даңқы кеткен.

## **Б.Жұмабайұлы. Қытайдағы қазақтар арасында айтылатын...**

Сол жігіт Тарым-Жұңғар аралапты,  
Саудамен әр аймаққа қолы жеткен.  
Сол жігіт Лошнорға барған екен,  
Қотан дейтін шаһардан арман екен.  
Үндістан жеріне таяуырақ,  
Соған да сауда жолын салған екен,  
Еліне Қарабайдың кірген екен,  
Сол елдің қал-жағдайын білген екен.  
Сарт пеп қазақ арасы қыргызға ұксас,  
Бөтенірек сөйлейтін тілден екен,  
Жұздей-ақ ауганда тұтын екен.  
Қазақта естек деген еліміз дейді,  
Әйтеуір діннен кетпей күтулі екен... –

дейді. Саудагер Әбділ латыштың өзіне Қарабай елінің баяндаш бергенін, өзі сол бойынша осы шығармасын жазып шыққанын айта келіп:

Жудым әбден сабындаш,  
Әңгіме үшін жабындаш.  
Айтуға да көруге,  
Осындаш болса таза еді.  
Шаригат емес, қиса емес,  
Обал дейтін азабы, –

деп өз шығармасында ғашықтардың оқиғасына сүйіне отырып, жанашырлықпен оларды мұратына жеткізіп, махаббат ләззатына кепелтіш өлтіргенін де жасырмайды.

Міне біз осы Дәуіт вариантынан жырдың нөғайлы дәуірінен екенин әрі Қарабай елінің әлі де Хотан өңірінде жасап отырғанын:

Жиырма жыл шамасы жаңа болышты,  
Одан бұрын еш сұрақ көрген жоқ-ты.  
Хотаннан пиянгуан деген ұлық шығып,  
Сол қаратыш Пекинге хабар соқты, –

деп жиырмасыншы жылдарда ғана (мұнда 1820-1920 жылдардың қайсы екені айтылмаған) Хотан аймағының қарамағына қарап ел болғанын айғақтайды. Міне бұдан біз «Қозы көршеш - Баян сұлу» жыры көп нұсқалы болғанымен әр нұсқасында әр дәуірдің белгісі аңғарылатындығын аңғарамыз. Әйтсе де, оқиға әуел баста ғашықтар туралы болса да, әрбір дәуірдегі жыр нұсқасын жаратушы халық оны өзі жасаған. Дәуірдің саяси ортасы мен тұрмыс жүйесіне түсіруге талшынса да тек жырдың тілін байыту, кейіпкерді толықтыру немесе ішнара оқиға желісін байыту мақсатына жеткенмен жырдың байырғы оқиғасы түшнүсқасын мүлде өзгерте алмаған. Әзірге жырдың жиырмаса жуық нұсқасы кездеседі. Осының бәрінде екі ғашықтың

махаббаты жырланады. Екі жас армандарына жете алмай қыршынынан қыллады. Жырдың қанша нұсқасы болса соның көбінде осы ой жинақталады. Кей нұсқаларда ғашықтар өлмей мұратына жетеді. Өліш қалыш қайта тіріледі немесе той жасап мұратына жеткен соң өледі. Тіпті реалдықтың аяқ астынан азызға айналатыны да бар. Нұсқалардың мұндай айырмашылықтары кейбір оқырмандарға «бұл жыр азыз болуы мүмкін» деген ой туғызбай қоймайды. Ал оқиғалар сөл өзгеріп азызға айналған. Бөлімдері қалай да екі жастың өмір арпалыстарына сай сүйекті сырқырататын жана шырылдың өзгеше нұсқа жаратып ғашықтарды мақсатына жеткізген болуы мүмкін. Міне бұган айғақ жоғарыда Дәуіт нұсқасында жазушының өзі айтқандай: «бұл өзгертуге болмайтын шарифат сөзі, не жазылып қалған дастан емес, халықтың окуына берілетін оқиға болған соң, бұларды мұратына жеткізіш барыш өлтірдім» - деген анықтамасы болса, енді бірде ақын Шәже жырында Жанақ ақынның жыр оқиғасын барынша өзгертип, жаңадан кейішкерлер қосып, кей кейішкерлердің еңбегін айрықша көрсетеді, ал Абай нұсқасындағы «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жыры Жанақ пен Шәже жырында жаңғырығы сияқтанады. Жырдың орнын, мекенін, тегін айтып отырған Дәуіт нұсқасына қарасақ Қытайдағы Алтай халқының ішіндегі «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жайындағы әңгімелерге сүйене отырып непе жылдардан бері өзімнің де жырдың орны, дәуірі жайында қозғаған пікірмінің шындыққа айналыш бара жатқанына көзім жетеді.

Біз пікірмізді раставу үшін өуелі кейішкерлер жайына тоқталайық. Мұнда жырдың бас кейішкери Қодар – бір нұсқада Қарабайға жылқышы болса, енді бірінде жалшы немесе тазша болады, тағы бірінде бәстесу арқылы Баянды ізден келеді де Баянның шынайы ғашығы больш көрінеді. Рас жонғар өктемдігі ислам дінінің салтына құрмет еткен жоқ. Олар түркі тайшаларынан қыз алушы салтына айналдырып алды десек те жаңсақ кетпейді. Кейбір зерттеулер «Қодар мұңғұл тайшасынан» дей келіш, «Қарабайдың алдында құл больш, Баянды алу мақсатында жүрді» - дейді. Меніңше бұл ағарттық, себебі жонғарлар өктемдік етіп түрған дәуірде мұңғұл азаматы болған Қодар қазақтың қызы Баян үшін құл больш жүре алмайды. Ал, жонғарлардың женіліу мен ислам дінінің солғындау кезіндегі оқиға десек, Қарабайдың өз дінінен азып, бөгде діндегі кісіге қыз беруге риза болуы да мүмкін емес. Ендеше Қодар Шәже ақынның айтқанындағы «Шақшак байдың ұлы» - еді деп баяндауда негіз бар көрінеді. Өйткені қолымыздағы Дәуіт нұсқасында да:

Мұны естіп Әбдіжашар қылды талаң,  
Қаракөк ат ергтеп мінеп манаң,  
Ол өзі ногайлы да бір бек еді.  
Әмірімен ногайлы жүрген тараң  
Сонымен Әбдіжашар құл болады,  
Жылқышты больш мал бағып жорғалады.  
Әбдіжашар бек аты ұмыт больш,

## **Б.Жұмабайұлы. Қытайдагы қазақтар арасында айтылатын...**

Қодар күл больш аттаныш кураганы  
Баянға қайтсем тәуір көрінем деп  
Отын алып, бие сауыш зыр қағады, –

деген жолдарында-ақ, Қодардың негізгі аты Әбдіжашпар екенін, оның ногайлының бір begі екенін анықтаудың жүргінsek те жетерлік сияқты.

Ал Қарабай болса: «Қарабай Қалтай деген елден екен, қаракөк жеті атасы кеңінен екен» деген Дәуіт нұсқасындағы сөз Қарабайға анықтама болғанымен, «қалтай» руының қайсы тайшаның табы екенін анықтай алмадым.

Қозыке – Сарыбайдың ұлы, яғни жырдағы Қозы Көрпеш. Әсіресе осы Дәуіт нұсқасында барлық жерінен «Қозы Көрпеш» есімі екі-үш жерден кезігеді де, негізінен бастан-аяқ Қозыке атымен аталады.

Нәрбике - Сарыбайдың бәйбішесі, Қозыкенің шешесі. Майлыйбай - Сарыбайдың досы болған адам. Жандос - Майлыйбайдың ұлы Қозының жан досы, Таусары шешен - Қозыкеннің ақылгөй, жанашыры. Сарыбай - «Сарыбай бағас деген рудан болыш, екеуі де дәүлетті болған екен» деген Дәуіт нұсқасында айтылып анықталғанмен, шежіреден қай жүзге қарасты ұсақ ру екені білінбейді. Тек «бағас» - деген уақ тайпасынан кезігетін ру екен.

Сағынбай - Қарабайдың бәйбішесінен туған ұл, мейірімді Қозыке мен Баянға күйінеді.

Қоған - Қарабайдың екінші ұлы, Қодардың досы, Қозыкеге дүшпан, Баянды жақтырмайды.

Айсұлу - Баянның ағасы Сағынбайдың әйелі, Қозыкенің жанашыр қамқоры.

Баян - Қарабайдың тоқалынан туған қызы, Қозыкеннің ғашығы, яғни Қодардың да ғашығы.

Месжан - Қодардың досы, Баянның Қозыкеге кеткен хабарын Қодарға жеткізеді.

Шагатай - Қодардың досы, ең соңында «айғақтың беті қара» деп, Қодармен бірге ел оны өлтіріп өртеп жібереді.

Міне бұл Дәуіт нұсқасы бойынша көрсетілген кейішкерлер, жырдың әр нұсқасындағы кейішкерлерге салыстырар болсақ нұсқа сайын өзгеріп отырады. Мысалы, Жанақ жырында жоқ Айбас Абай жырында кеменгер болыш баяндалады. Сөйтіп енді бір жырда Шагатай, Месжандар кезікпесе, енді бір жырда Айжан, Айсұлу атымен кездеседі. Ал кейішкерлерден сырт оқиғаның өзі бір жырда Қозыкені Қодар атып кетсе, тағы бірінде Қодарды Қозыке өлтіреді. Енді бірінде Қодар Қозыкенің басын кесіп алып кетсе, ол бас Қозыкенің болмай шығады. Бір нұсқада Қодарды Баян өлтірсе, енді бірінде Қозыке мен Баян мұратына жетеді. Жырдың уақиғасынан, кейішкерлердің мұндай өзгеріске бастапқыда айтқандай әрбір жырды жаратушы өзі жазған дәуір шеңберімен, ондағы халықтың тілегіне қарай

жыр шығарыш отырғанын аңғарамыз. Бұл сөзімізге жоғарыдағы Дәуіт ақынның жырды жазу барысы күе болса, енді бірі Шөже ақынның Шоқан Үәлиқановтың айтуымен:

Құдай берді сұлтанды қамал қылып,  
Даныштан мәртебелі адап қылып.  
Бұрын жазған жоқ едім мұндан сөзді,  
Адай сұлтан жаздырып саналы қылып, –

деп Шоқанның талабымен өндеп қайта жазғанын ескергеді [4].

Қорытыш айтқанда, «Қозы көрпеш - Баян сұлу» жырының қанша көп нұсқасы болғанымен, нұсқалардың кейішкерлері мен уақиғасы қанша көп өзгерілгенмен, екі ғашықтың кепірмесінің еш өзгеріссіз жетуі, әрбір нұсқадағы жер аттары, уақиғаның шын сырын ашып, жырдың өміршілдік қуатын арта түсіруде. Сондықтан ендігі жерде жырдың ешқашан аңыз емес, реал өмірде болғандығына көз жеткізуімізге жырдағы жер аттары мен қазірге дейін өзгермеген жер аттарын салыстырғанда барыш көзіміз жетегіндігін аңғарамыз.

«Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырының әрбір нұсқасын қараң отырсақ, күрделі оқигалар, көп кейішкерлерімен таныса келіп, жырдың туған дәүіріне аз да болса жіш үшін ташқандай боласың, ал жырдағы жер аттарына үңілсеңіз, Қарабайдың көп жолы сорабын, Сарыбайдың мекенін, ғашықтардың маҳабbat кепірмелерін айқын көргендей боламыз.

Кей нұсқаларда кейбір жер аттарын тыңдан қосқанын аңғарсақ та, Қарабай ауылының тұрағы шырайланыш жүріп ногай елін іргелец, «Аякөз» бен «Оралтай» аралығында болады. Қозыкенің Баянды Аякөзден іздең табуы, қайтадан өр Алтайга бет алуы, жыр жолдарына айқын айтылған. Жырдың алғашқы нұсқалары болған Сегіз сері, одан кейінгі Шөже, Дәуіт нұсқаларында, Қарабай мен Сарыбайдың тұрағы, Сарыбайдың өлген жері, Қарабайдың көшу бет алсы, Қозының Баянды іздең шығуы бәрі-бәрі Өр Алтай арқылы басталыш Аякөзге бет алып қайта қайтады. Ендеше біз жырдың нұсқаларына бағайық:

Мұнда тұрсаң әркімнен тайынасың,  
Көпшіл барсаң бұл жерден жаңыларсың.  
Аякөзде ногайдың көп жұрты бар,  
Тұл қатынмен жетімді не қыласың, -

деп Баянды ежелгі жүртінан айнайтса:

Көресің қырық бір күнде Аякөзді,  
Тілімді алмай барасың Баянды іздең.  
Аякөзде бағысты ақсақ кемпір,  
Сол кемшірден білесің нағыз сөзді, -

## **Б.Жұмабайұлы. Қытайдағы қазақтар арасында айтылатын...**

---

деп Қозыны Баянды іздеуге Аякөзге жолға салады.

Өзім молла қожамын және өзім бай,  
Сауда қылыш келемін барып Қытай, -

деп кезіккен жолаушы Қозыны Аякөзге бастаса, Дәуіт нұсқасында:

Он екі рулы өзбек деген ел екен,  
Дейтүгын Алтай, Қанқай жер бар екен.  
Қанқайға сансыз монгол мекендерген  
Атақты Мөңке, Шенгіл жер бар екен, -

деп XV ғасырдағы ногай елінің бір бөлігі Өр Алтайға келіп қоныстаныш жатқаны, осы кезде жонғарлардың қарсылығына таш болыш, кейде ақ білектің күшімен, ақ наизаныш ұшымен, бірде ақыл-айламен, тарту-таралымен қоныс алған мұндағы елдің тарихи жағдайларын көрсетеді. Және жырда:

Алтайдың баурайында Сары өзен,  
Сары Ертіс, Қара Ертіс бар,  
Айыркезең, Бала Ертіс және ағыш қосылады,  
Үстінен Жайсаң көлдің кетер төмен,  
Ол жердің атын соңда Қыран қойған,  
Үріккен ел үрей кумай жиды ма үйді,  
Оған да байыз таштай көшіп еді.  
Зарығыш бір бурасы соңда өлді,  
Ол жердің атын қойыш «Бура асу»,  
Тоқтамай толғатқандай жөнеледі,  
Қонады одан етіп Бақынсуга,  
Оржәрдің маңайынан жақын суға,  
Тегінде ұйғұр тұрган мекен етіп,  
Мұнғұлдар атайды оны Қатынсуга,  
Қара Ертіске жетеді бәрі зулап,  
Басына Қарабайдың келіп қонды,  
Әруағына сиынды аунап-кунап.  
Үліңгір көліне жетті екшіндесіп,  
Қалмақтар сиқырменен жолды бөгеп,  
Талай құндер сауырдай тауға келді.  
Көрмеген жер, сары батпақ қауға келді.  
Қырық бір күні Қобыққа қондырады,  
Сілкінің тұс-тұсына жұтынады.  
Ат-көлігін тыңқитып мініп алды,  
Асуға Шаганоба қойды қадап.  
Бірқанша мезгіл жүрді Емілді асыш,

Батысқа келе жатыр құлдай басып,  
Үржар сол қалмақтың мекені екен.  
Уаң қаны сейіл құра келеді екен,  
Қанша күндер арада жатып-тұрып  
Ұшып келген секілді **Өр Алтайға**.

Міне жырдағы жер аттарына үнілер болсаңыз көптің **Өр Алтай** (Көктогай, Шіңгіл) өңірінен құлдаш кеткен сорабын, **Өр Алтайға** қайта келе жатқан ғашықтардың ізін нақ көргендей боласыз. Жырдың көп бөлімінде уақыға Көксенғіре, Текетауға тән (екеуі Көктогайдың тау, сай аттары). Осы тауға сүйіншілей келген адамның «әйелің ұл тапты» дегенине қуана шыққан Сарыбай аттан жығылып өледі. Міне, бұл қазіргі Көктогайдың **Тауқарабұлының** аталатын жерлері болыш, 1956 жылға дейін сыртынан аттың қылы желкілдеп тұратын төртбұрыш қабірді жергілікті халық «Сарыбайдың қабірі» дейді екен. 1935 жылдары ғұлама ақын Ақыт Үлімжіұлы мұндағы қабір басына құран оқып, осы Қозы көрпеш, Баянға қатысты оқиғаны төңірегіндегілерге баяндағанын 1994 жылдары 85 жасқа келген Замзи қария күә болыш, «мен сол кезде ат ұстап берген бала жігіт едім» - десе, сонау XVIII ғасырда ежелгі мекендеріне Жәнібек батыр бастаң, Ертіс өрлең, қоныс алып жатқан Керей, Найман рулары ондағы байырғы мекендерінқайтарыш алу барысында бұл өңір ата қоныстары екендігіне айғақ ретінде де осы өр Алтайдағы «Қозы көрпеш - Баян сұлудың» қабірі мен оған қатысты оқиғаларды күә еткені, әсіресе XVIII ғасырда жасаған Ызғұтты батыр Баян сұлу қабіріне қойылған сөукеленің саудырап төгіліп жатқан алқамоншағынан «бір керегі болар» деп абырасына сақташ қойғаны, бұны 1924–1930 жылдар аралығында мұнғұл, қазақ арасындағы тағы бір дауда манчжуря жояндарының алдында қазақ ұлықтары осы заттық фактілерді көлденең тартыш, Ызғұтты батырдың немересі Айдардың сандығынан сол алқамоншақтарды айғаққа алдырып қарсыласын жеңгендігің, осы дауда сол алқа-моншақтардан бірнешеуін алып апасына әкеліш бергені, апасы оны көзі ауырған адамдардың немесе босана алмаған әйелдерге шипа ретінде істетіш жүргенін, 1958 жылы Үрімжі Бажқұ түрмесінде қолда жатқан молқы руының би Момынбай айтқандығына Шәйқасын Жәңғірұлы күә болса, 1960-жылдары осы Көктогай көлінің бойында ел отыра қалғанда 90 жастағы Малика деген апамыз қозы-лағы сол қабір жаққа кетсе балаларын жұмсағанда «Сарекең жаққа кеткен қозы-лақты қайырып келуді» бұйыратын дейді **Дөлейбек Алдажарұлы** 1990 жылы.

Ендігі жерде Қарабай уәдесінен тайып, ауылын Ертісті құлдай батысқа жер аудартады. Энс осындағы көш ізіне назар салсаңыз жоғарыда (жырда аталған) жер аттары **Өр Алтай** (Көктогай, Шіңгіл) өңірінен басталады да жырдағы «Бура асу» халықтық ақыздарда «Қарабайдың қос буыршын деген аты болған, қазіргі Алтайдағы «Буыршын» ауданы қос буыршының бірінің арықташ өлген жері екен» – десе, тағы бір ақызда «Қарабайдың малының

## **Б.Жұмабайұлы. Қытайдағы қазақтар арасында айтылатын...**

басы болыш жүрген тесік өкпе Қарақаймалдың ботасы жас буыршының бура қоймакшы болыш жүргендеге өледі де, бұл жердің атын «Буыршын» қойған» дейді. Тағы бір аңызда «Буыршын Сарыбайдың жүйрік аты екен, Қозы Баянды іздең мініп шыққанда осында өліп, бұл жердің атын Буыршын атапты» - дейді. Бұлайша аталатын жер аттары мол. Мысалы «Қодар қаздырыған 40 құдыш әзіргі Жеменей жерінде, «Ала айғыр» Баян мінген ала айғырдың өлген жері әзіргі «Көктогайда» ал «Жауыр» деген жер аты Баянның атының жауыр болыш қалған жері Көктогайда. «Бел қайың» Қозының таяғынан ескен қайың екен - Бұл Көктогайдың Тұрғын өніріндегі жер аты. Кезінде «Қозы қайың» атанып, қазір «Бел қайың» атанған. Бұл қайың 1966 жылға дейін тұрған, ел актық байлан кие тұтады екен. «Алқабілек-Білесік» - бұл Баянның алқасы мен білесігі қалған жер делинеді. Қазір Қаба ауданында. «Қозыке» кезінде Қозыкенің туған жері екен делинеді, қазір Көктогайдың Тұрғын ауылына қарасты жер. Бұл жөнінде 1860-жылдарда Өр Алтайға келіп жатқан қазақтар «Шалғырдағы» жерге мұнғұлдармен таласып қалғанда, мұнғұлдың ел төресі қазақты сыйнағ: «Мұнда әкеміздің басы бар дейсің той, онда мына зираттың басындағы сайғақ тасты тіліцмен жалаң шық» дегендеге таласқа тұскен қазақ: «Ой, күдай, мынау Қозы мен Баян деген ата-бабамның басына қойылған сынтас емес пе, бұны жалағанның күнәсінен гөрі сауабы мол» деп тілімен жалаң шыққан екен. Сонда әлті мұнғұл ұлығы айтқанында тұрыш осы маңдағы жерді берген екен дейді.

Ал жырдың тағы бір вариантарында Қарабай ауылының мал мен жаңнан айырылып, туған жері Өр Алтайға келе алмай Құлжакарқылы Дәүіт ақын айтқандай Хотанға бет алған көш жолына назар аударсақ, Бөдә тауының шығысындағы «Таңсық», «Баянгуман», «Қашқанақ», «Ақкөл», «Қарасу», «Ұзын бұлак» қатарлы жер аттарының кезігүінен парықталуға болады. Міне бұлардың бәрі жырдағы жер аттарымен мұндағы жергілікті ел аңыздарының үйлесім тауыш тұрғанын көреміз де, ғашықтардың мекені жырдың туындау өнірі осы Өр Алтай (Көктогай, Шіңгіл) өнірінде екенін еріксіз мойындеймымыз. Ендепе біз шікірімізді тіпті де айқындау үшін жер аттарынан басқа, аңыздардан дерек алыш шығуымызға болады. Мысалы: 1780-1820 жылдар арасында Өр Алтайға келген қазақтардың ішінде жер таласына тұскенде болсын, рулар өз ара қақтығысып қалғанда болсын «Қарабай мен Сарыбайға жеткен жер бізге жетер», «Қарабай, Сарыбай от жаққан мекен» дейтін фактлерге жүгінш, сөзге жығылып отырған екен. Жоғарыдағы шікірімізді тіпті де растау үшін 1985 жылы «Шұғыла» журналының сегізінші санында жаряланған «Шалғырдағы құлшытас - Қозы көрпеш-Баян сұлудың басындағы құлшытас» деген шікірімді тағы бір қайталап кеткім келеді.

«Шалғыр» - жер аты, Көктогай ауданы мен Шіңгіл ауданының аралығында орналасқан қыстақ. Осы қыстақтың тұстігіндегі ескі қабірстанның аяғын ала тұрған қос құлшытастың төңірегі жер болыш бара

жатқан ескі қабір екені беп-белгілі. Биіктігі екі жарым метр келетін екі құлшытастың аралығы 5 метрдей. Арасындағы дөңеске теріскең, қоқтікен өнген, әр екі құлшытастың басына күн суреті, одан төмен бұлғ одан төмен бес құстар әтегесінен жоғары сурет сыйылған (бұл сыйбаны өзір бұғытас деп атап жүр) құстардың алдында қазақтың мүйіз ою-өрнегі, әр тастың бір бетіне бес құстан, бір таста он, екі таста жиырма құстар суреті бар. Міне бұл құстар «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырындағы қабірлерінің басында шырылдаш түрган торғай болуы ғажап емес. Мен «Қозы көрпеш-Баян сұлу» қабірі «Аяқөзде» деуден көрі «Өр Алтайда» деп былай қорытындылаймын.

1. Жоғарыда айтылған Қарабай мен Сарыбайдың ежелгі жұрты әрі Жырдағы өрбіген оқығалар осы Өр Алтайда екендігі;

2. Жырдағы Қарабай ауылының Ертісті құлдаш көшкен көш жолындағы жер аттары әрі Баянды Қодардың қайтыш Өр Алтайға әкеткен бет алысы, Қозының Баянды ізден Ертісті құлдай кетуі, жырда Өр Алтай және Гәнсү, Шыңқай өнірі екендігі айқындалады.

3. Жырдағы «Қара Ертіске жетеді бары зулап,  
Басына Қарабайдың келіп қонды.

Аруағына сиынды аунап-кунац, -

дайтін жолдары Қарабай қабірінің де Қара Ертіс бойында екендігін аңғартса, мұндағы ел азызында да Қара Ертістің бойындағы дөңбек қабірді «Қарабайдың қабірі» деуі үлкен айғақ.

4. Жоғарыда айтылғандай, Сарыбай қабірінің Көктөғайдың «тау Қара бұлғыны», яғни өзіргі Көктөғай көлі түрган орында екендігін дәлелдеу.

5. 1730 жылы осы Өр Алтайға келіп жатқан елдің алды болыш келген Жуанған мен соңынан келген Кеншеннің жайылымға таласқанда басқалардың: «Қарабай мен Сарыбайға жеткен жер гой» деген сөздері мен мұндағы мұнғұлдармен жер таласқанда осы Қарабай, Сарыбайды көлденең тартуы.

6. Қазіргі ел ішінде келе жатқан азыздар, мысалы: халық «Бұлдыр тау» деген күй шертіп, азызын былай баяндайды: «Ертеде бір жігіт оңтүстіктен бір қыз алыш қашады. Ол өзінің соңынан қуғыншы түскенін аңғарып, елсіз даламен тасалана жүріп, әбден арыш-апыққан соң амалсыздан ел бар жаққа бұрылады екен. Күн сайын сырқаты ауырлаған қыз «жетер жеріміз қанша қалды» деп амалсыз сұраған соң, жігіт төр алдында түрган домбыраны алыш бір күй шертеді. Қүйдің сарынында: «Бұлдыр-бұлдыр, бұлдыр тау, саған қашан жетем-ау, шу-шу жаным, шу-шу жаным» деген мұңлы да зарлы сарын ағытылғанда, үй толы жан көздеріне жас алыш: «Я, қарағым, сол бұлдыр тауға тез жетіп армандарыңа жетіңдер!» деп ауыл ақсақалдары баталарын береді. Бірақ жолға шыққан ғашықтар көзсулі бұлдыр тауға жете алмай қаза болады. Эне сол ғашықтың жетем деп армандаған бұлдыр тау қазіргі Шіңгіл, Байтік маңындағы «Арманты» тау екен. Бұлар Армантыға таяш қалғанда соңынан қуғыншылар қуыш жетеді» деп азызды толықтай түскен бөлімінде: «осы қашып келе жатқандар Баян мен Қозы екен. Соңынан қуыш келе

## **Б.Жұмабайұлы. Қытайдағы қазақтар арасында айтылатын...**

жатқан Қодар екен, Қозы құғыншы келіп қалған соң, Баянды алдына жіберіп өзі жаумен алысады. Бірақ көп жауға топырақ шаша алмай Қозы қаза болады. Баян келіп Қозының сүйегін құшақтап зар енірейді. Қодар оған өзіне тиу талабын қояды. Баян оған Қозының басына өнершілерге еki құлпытас орнаттыруды айтады. Құлпытас орнаған соң Баян өзін-өзі елтірген екен» деп аныз аяқталады. Міне осы анызға үқсас тағы бір аныз былай: (әуелі бұл Алтайға уақ келді, сонынан керей, найман шулаң келді» дейтін заман 13-14 ғасырлар екен. Өр Алтайға келген уақ елінің ішінде бір-біріне ғашық болған қыз бер жігіт махаббатаспақшы болғанда, елдің ақсақалдары: «Рұласымен некелену елдігімізге намыс, ата заңына қайшы» деп, еki ғашықты құнәсі үшін атқа сүйретіп өлтіреді. Бірақ ұзамай бұл өнірде табиғи апат болып малмен жаннан зор шығын болады. Ауыл қариялары Тәнірғе жалбарынып, тасаттық бергенмен еш тосу болмаған соң, бұлар: «Қыз бер жігітті жазықсыз өлтіргенімізге Тәнір қаһарланып жатқан үқсайды, енді бұл өнірден бізге бақыт жоқ, осы еki ғашықтың мүсінін түрғызайық та, өзіміз жер ауайық. Бұл жерге бақыт-байлық орнағанда бұл еki мүсінге жан кіреді. Сонда біз де қайтып келеміз», - деп еki ғашықтың мүсінін тастан шауып, орнатып өздері көшіп кетеді. Ал әлгі шабылған еki мүсін, билеп тұрған қыз бер канжарына қолын апарып тұрған мүсін тастың 1956 жылдары Шалғар өнірінде тұрғандығын, 1958 жылы ел атқа сүйретіп бұзып, үйдің іргетасын құюға пайдаланып, жоғалтқандығын қарияларымыз растайды. Ал және бір аңызда (қазіргі Кектогайдың Құсты деген орта жайлауында Баян сұлу қаза болған, Қозы Баян сұлуды іздеп келіп, оның дүниеден өткендігін естіп, құндіз-тұні егілүмен болып, құсадан өлген екен. Содан осы жерді Құсты қойған дейтін аңыз бар. Мен осы бірнеше фактілер арқылы жырдың шығуы мен ғашықтардың мекені, сөзсіз, Өр Алтайда деуге болатындей. Алайда үқсамаған көзқарастағы «бұл дәлелдер аңыздар» дейді. Егер аңыздың тегінде шындық жататындығын ғалымдар мойындаиды екен, онда бүгінгі халқымызға жетіп отырған аңыздар мен жырдағы жер аттары және өр Алтайдағы жер аттарының бір-бірімен ұштасып жатуы - ғашықтардың қабірі Өр Алтайда екенін дәлелдей түскендей.

Қорытып айтқанда, Қарабайдың көш ізі, Сарыбайдың қабірі, еki ғашықтың мүрдесі Кектогай, Шінғіл өнірінде Шалғар яғни Алтай, Іле, Гәнсү, Шыңқай өнірінен айналып Аяқез сынды қүйқалы мекендерде шиырлап жатыр демекшімін.

### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Мұқтарұлы С. Шоқан және өнер. Алматы, 1958.
2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. «Мұра» журналы, 1990.
3. Қазақтың ғашықтық жырлары. 8-кітап, Шинежаң жастар өрендер баспасы, 2001.
4. «Қозы көрпеш- Баян сұлу» варианты. Алматы.

### **REZUME ZHUMABAYULU B. (Urimchi)**

#### **OPTIONS FOR THE SONG ‘KOZI KORPESH – BAYAN SULU’ AMONG KAZAKHS OF CHINA**

The author compares the variations of song ‘Kozi Korpesh – Bayan Sulu’ occurring among Kazakhs of China. Comparing toponymies names appearing in the song, the author shows the birthplace of the song terrain Or Altay.